

Ана – өмір, ана – ұл, сұлулықтың белгісі!

Аялаймын сені, Қызылорда!



Ақмешіт

7 наурыз
бейсенбі
№20 (2030)
2024 жыл

Әйелдің жүгі жеңіл ме?

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

АРУЛАР ҚҰРМЕТТЕЛГЕН КҮН



8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесіне орай қала әкімдігінің ұйымдастыруымен Асқар Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде «Ару – көктем, Ана – жыр, Әйел – ғұмыр» атты мерекелік шара өтті.

Шара басталар тұста қазақ әйелдеріне арналған монолог оқылса, оған сәйкесінше ЛЭД экран арқылы ару, әйел, ана туралы бейнебаян көрсетілді.

Салтанатты жиында қала әкімі Серік Қожаниязов барша аналар мен аруларды 8 наурыз мерекесімен құттықтады.

– Мемлекет басшысы «Әрбір адам үшін анандан ұлы, анандан қымбат ешкім жоқ. Ата ұлды, ана ұлтты тәрбиелейді» дегендей біз әрдайым аналарымызға тағзым етуіміз керек, – деді қала әкімі.

Расында, аналарымыздың рухынан күш, ұлағатынан тәлім түйген аруларымыз барлық салада еңбек етіп жүр.

Облыс орталығында әлеуметтік саланы дамытуға, ана мен баланың қорғалуына айрықша мән беріліп келеді. Сондай-ақ демографиялық өсім қалыптасып, бүгінде қала халқының саны 357000 адамға жетті. Оның ішінде 51 пайызы әйелдер болса, он сегіз мыңға жуығы көпбалалы аналар. Ал алтын алка иелерінің саны 1261 болса, күміс алка иегерлері 2558-ге жеткен.

Әйелдер қауымы барлық салада ер азаматтармен иық теңесе жемісті еңбек етіп келеді. Мәселен, қалалық мәслихатта билік пен халық арасында

жүрген 6 әйел депутат болса, кәсіпкерлікті дамытып жүрген 1913 нәзік жан бар. Сондай-ақ 500-ден астам қыз-кейіншек бизнес жобасын бастауға мемлекеттен қайтарымсыз грант алған. Ал ұлт тәрбиесі мен денсаулығы жолында аябай еңбек етіп жүрген ұстаздар мен дәрігерлердің әрқеж шоктығы биік. Спорттағы жетістігімен абыройымызды асқартқан арулар да бар.

Салтанатты іс-шарада қала әкімі көпбалалы батыр аналарға алтын және күміс алқасын табыстап, қызметте аябай еңбек етіп, белсене атсалысқан аруларға аймақ басшысы мен қала әкімінің Алғыс хатын табыстады.

Салтанатты шара өнерпаздардың мерекелік концертіне ұласты.

Нәзира МҰКАТАЕВА,
Суретке түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

8 наурыз – халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында әдеттегідей әйелдің бүгінгі бейнесін жазғанды жөн көрдік. Әйел тақырыбы қашанда өзекті. Бір қарағанда қазіргі заманда әйелге барлық жағдай жасалған сияқты. Алдыңғы буынды сөйлетсек, «қазір бәрі дайын, ыстық су ағып тұр, от жағып тұр, кір де, ыдыс та жуылып жатыр» деген сыңайлы пікір айтатыны белгілі.

Иә, технология ғасырында өмір сүріп жатқан нәзік жандардың бұл да бір бақыты десек артық емес. Алайда әлі де от жағып, құл алатын, үйіне су кірмеген ауылдардың аз емес екенін еске алсақ, әйел жұмысы жеңілдеді деп кесіп айта алмаймыз. Бүгінгі әйелдің жағдайы туралы сөз қозғағанда отын-су жайы негізгі мәселе емес екенін де айта кеткен жөн. Себебі мұны оқыған ауылдағы ақ жаулықты аналарымыз «от жағу су болып па» деп миығынан күліп жүрер. Оның үстіне бүгінгі күнге дейін «үй тіршілігін қажыдым» деп шағымданған әйелді естіген жоқпыз. Себебі әйел үшін бұл ауыр жүк емес. Шынында, бүгінгі қазақ әйелінің көтерер жүгі де, міндеті де өзгерді. Иә, нәзік жандардың тағдыры қашанда оңай болған жоқ. Тарихқа тереңдемей-ақ, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ала сөмке аркалап отбасын асырауға білек сыбана шыққан әйелдің ерлігін айтайық. Жұмыссыздық, жұмыс бар жерде жалақы жоқ уақытта менмін деген ердің өзі жігері жасып, салы суға кеткенде сауда жасап, тәуелсіз қазақ еліндегі кәсіпкерліктің негізін қалаған да нәзік жандар екені белгілі. Ол уақыт та тарихқа айналып, елдің жағдайы жақсарып, жұрт жадынан ұмытыла бастады. Қазір елдің тұрмысы тәуір, еліміз тыныш, ашық аспан астында еңбектенген ел несібесін теріп, өмір сүріп жатыр. Бірақ әйелдің жүгі жеңілдеген жоқ. Неге?

2-БЕТТЕ

«Бұрын альпинист болғанмын. Қашаңғы төбеді жүремің деп, жерге түстім» дейді жылы жымияған Гүлдана Ысқақ әзілден де қаражаяу емес екенін байқатып. Көлікпен жүргеніне 15 жылдай болды. Алдына мақсат қойды, оған жетті. Бүгінде Қызылордадағы «Жұлдыз» такси қызметінде өзінің жеке автокөлігімен халыққа қызмет көрсетіп жүр. «Жаным нәзік» демеуді, мойынға артылған ауыр жүкті арқалап, көзінің ағы мен қарасындай болған балапанын өсіріп отыр.

ТАКСИСТ БОЛҒАН АЛЬПИНИСТ

Иә, әңгіменің төркінін аңғарған боларсыз. Таксист қыз жайлы тақырыптың тінін ағытқалы отырмыз. Қазақтың қарапайым қызы темір тұлпар тізгіндеп, ерлермен бірге иық теңестіре еңбек етіп жүр. Жай еңбек етіп емес, ұжымдағы жүргізушілер арасынан суырылып шығып, үздік те атанып келеді. Ол 2022 жылы «Жұлдыз» такси қызметінің жүргізушілері арасынан бас жүлдені қанжығасына байлады.

Қыз баланы қалай алды деп ұжымдағылардың үрке қарағаны бар. Әрине, еңбектену білген адамға жетістік ер немесе әйел деп таңдап бұйырмайды ғой. «Байтал шауып бөйге алмас» деген баяғының мақалы. Қазір жаңа заман. Бір күнде 60 тапсырыс орындап, осы жемені тұрақты алып жүрген адам жүлдеден құр қалмайды. Әрине, әр жұмыстың өзіндік қиындығы бар. Кейде ішімдік ішкендер болады. Алысып жүріп, оларды да жетер жеріне апарып тастаймыз. Жолақысын бергісі келмейтіндер де болады. Бірақ соның бәріне шыдап, халыққа жолаушы тасымалы бағытында қызмет көрсетуіміз, – дейді Гүлдана Мұхтарқызы.

2-БЕТТЕ

Әке жолын жалғаған ару



Жаңа базар аумағында көліктің қосалқы бөлшектерін сататын тұсы қызу тіршілікке толы. Бірі көлік доңғалағын жөндейді, тағы бірі басқа да бөлшегін жөндеп, жаңасына ауыстырып жатады.

Ал енді бірі көлік қозғалтқышының сұйық майын жаңалайды. Осы қатардағылардың көпшілігі Эльмиранын есігінен сығаламай қайтпайды. Өйткені мұнда мотор майларының түр-түрі бар. Заты әйел болғанымен, әкесінің 25 жыл бұрын бастаған кәсібін жалғап, әке аманатын орындап жүр.

4-БЕТТЕ

ҰЛТТЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ ДА, ТІРЕГІ ДЕ – АНА

3-БЕТТЕ



